



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№43 (580)
24 қазан,
2024 жыл



РЕСПУБЛИКА КҮНІ — ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАЙТЫН МЕРЕКЕ

1990 жыл. 25 қазан. Бұл – ел егемендігіне жету жолындағы тарихи дата. Себебі дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның бастауы болған Егемендік декларациясы қабылданды.

Тарихи жадыны жаңғыртсақ, 1990 жылы Қазақ КСР егемендігін жариялай отырып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздерін қалыптастырды. Декларацияда алғаш рет аумақтардың тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, халықтар арасындағы татулық, тіл мен мәдениетті дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттілік қағидалары бекітілді. Сонымен қатар саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу құқығы да жарияланды. Қазақстан ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Ал Президент елдің басшысы әрі атқарушы биліктің жоғарғы жетекшісі ретінде бекітілді. Міне, бұл құжаттың қабылданғанына биыл 34 жыл толды.

Республика күні 2001 жылы 13 желтоқсанда қабылданған заң бойынша мемлекеттік мерекелер қатарына қосылып, 2009 жылы алынып тасталды. Арада 13 жыл өткенде бұл күнге «Ұлттық мереке» мәртебесі берілді. Себебі 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын» деген еді.

Ал заңнамаға сәйкес, ұлттық мерекелер – ел мемлекеттілігінің дамуына әсер еткен тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленеді. Ұлттық мереке аясында міндетті түрде ресми іс-шаралар ұйымдастырылады. Ал мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтеді.

Егемендік алған жылдардан бері халықтың мәдени, рухани болмысы жаңарып, ұлттық сананың қалыптасуына жана серпін берілді. Өткенге құрметпен, болашаққа сеніммен қарайтын Қазақстан бүгінде әлемдік қоғамдастықта орнықты мемлекет ретінде танылып, бейбітшілік пен тұрақтылықтың символына айналды.

Құрметті оқырман, Республика күні құтты болсын!

Әлия ТӘЖІБАЙ



Қазір өмір халқының 29,3 пайызын жастар құрайды. Байқоңыр қаласының жастарын қоса есептегенде аймақта 246 455 жас бар. Бұл – ұлттық статистика бюросының биылғы 1 қаңтардағы мәліметі. Ал ресми дерекке сүйенсек, осы жылдың ортасына дейін 14 пен 35 жас аралығындағы 7982 адам Сыр елінен көшіп кетсе, 6025-і өңірге қоныс аударған.

Бүгінде болашағын берекелі бастамамен елестетіп, жұмыс істеймін деген жасқа кез келген есік ашық, қолдау бар. Ал осындай жастардың басын біріктіріп, жол сілтеп, жұмысын жүйелі жүргізіп отырған облыстық жастар орталығының еңбегі орасан. Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты орталықтың жұмысы көзге көріне бермесі анық. Бірақ жасалған жұмыста есеп жоқ. Жастардың түрлі санатымен тұщымды жұмыс істеп, үйлестіруде. Оның үстіне жуырда орталықтың тізгінін қолға алған білікті маман Әліби Басаров жастар үшін тиімді әрі елен еткізер ерекше іс-шаралардың легін арттырып келеді.

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ: ЖҰМЫС ЖАНДАНА ТҮСТІ

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ТАРИФІ НЕГЕ ҚЫМБАТ?



ӨЗГЕРГЕН КЛИМАТ — ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Түскі үзілісте дүкенге жол тарттым. Күн таңертеңгідей емес, әжептеуір жылыныпты. Кассадағы тәтей үстімдегі қалың күртемді көріп: – Масқара, не киерімізді білмей қалдық. Қалың киінсең ысып кетеді, жұқа киінсең суып кетеді, – деп күлді.

Ойымдағыны дөп айтқанына риза болып, бір жағынан қалың күртем үшін ұялғаннан «айтпаңыз» деп жымидым.

Хош. Бұл аумалы-төкпелі күзгі ауа райы емес пе?! Қазанда Қызылордаға қар жауа бермейді. Қызықтың көкесі биыл болып жатқандай. Жапалақтап жауған қар жерге түспей еріп кетті. Ертесіне күн қаһарына мінді де лезде райынан қайтты. Бұл үлкендердің айтуынша «қазан ұруы».

Басты тақырыбымызға ойысайық. Кейінгі жылдары «жаһандық жылыну», «климаттық өзгерістер» тақырыптары жиі қозғалып, тіпті құлаққа сіңісті әңгіме болып кеткен. Зерттеулер бойынша 1980 жылдан бастап ғаламшардағы климат күрт өзгеріске ұшырай бастаған.

2-бетте

Қазір кез келген сала интернетке байлаулы. Цифрландыру дәуірі қолға алынғалы құжаттарымыздан бастап, қаржылық жүйеміз де осы гаджет пен ғаламторға тоғыстырылған. Тіпті білім мен ғылым да интернеттің тоңірегінен шықпайды. Жыл сайын сұраныс арта түскен ұялы телефон байланысының бағасы шарықтап, халықтың қалтасына салмақ түсіргені рас. Мақаламызда «неліктен интернет тарифтері қымбат?» деген сауалға жауап іздедік.

4 БЕТТЕ



7 БЕТТЕ

КОЛЛЕКТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНАШЫРЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ...

2002 жылы көк жәшіктен көрерменге жол тартқан америкалық «Звонок» фильмі бүгінде шындыққа айналғандай. Бұлай деуге толық негіз бар. Қазіргі қауіпті қоңырау, сымсыз байланыстың арғы жағынан естілетін түнек үн, әрине елес емес. Ол – «Қарыз төленбесе, сотқа өтеді» деген сөзімен әңгіме бастап, борышкердің санасына қара бұлт үйіретін «коллекторлар». Есігінді құлыптап, телефоныңды өшіргенмен қашып құтылудың жалғыз жолы – қарыздың өтуе. Бірақ коллекторлық агенттіктер заң аясында жүйелі жұмыс жүргізе ме? Құқығы талталған азаматтар қаітпек?

Әлқиссада тілге тиек еткен шетелдік кино мақаланың жүгін жеңілдетпек емес, керісінше нақ осы мәселеге нағыз теңеу болғандай. Өйткені қалай болса да қарызды өндіріп алуды көздейтін міз бақпаз сарбаздар халықтың берекетін алып бітті. Хош. Төтесінен мұны қозғамай, алдымен елдегі қарызды жиып, терсек.

Қарыздың құны қанша?

Деректер сөйлесін. Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі бар екенін білеміз. Бізде екінші деңгейдегі 21 банк бар. Оның 11-і шетел қатысатын, ал 8-і еншілес банк. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қазақстандықтардың банк алдындағы

қарызы 18 триллион теңгеден асқанын мәлімдеген еді. Бұл шамамен 37,5 миллиард долларға жуық. Бұл сандардың арасында еш кепілсіз берілетін, бірақ пайыздық мөлшерлемесі жоғары тұтынушылық кредиттердің сомасы басым. Жалпы есеппен оларға 11 триллион теңгеден астам қаржы тиесілі. Ал пәтерді кепілге алған ипотеканың үлесі 5,5 триллион теңге. Бұл көрсеткішке көз түскенде банкке деген тәуелділіктің уақыт өткен сайын артып жатқанын аңғару қиын емес.

Биыл жыл басында 18 бен 20 жас аралығындағы 480 мың адамның иығында «несие» деген жүк болды. Ал кей деректерде шағын несиеге көбіне 26-30 жастағы қазақстандықтардың жүгінетіні айтылған.

– Қазір адамдар несиеге психологиялық тұрғыдан да тәуелді болып барады. Бұл қаржылық сауаттылықтың төмендігіне байланысты. Несие алу арқылы адамдар өздерін қанағаттандырып, уақытша тыныштық сезімін алады. Бірақ мұндай қалам ұзақмерзімді қаржылық мәселелерге әкелуі мүмкін. Себебі жоқпарсыз алынған қарыздар адамды қыспаққа түсіреді, – деді психолог маман Сырым Елжас.

3-бетте

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЕЛ МЕРЕЙІН ЕСЕЛЕГЕН КҮН



25 қазан – туымызды көкке көтеріп, тәуелсіздік тұғырын нығайтқан күн. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен тәуелсіздікке қол жеткізгені бері еліміз экономикалық, демократиялық дамыған ел ретінде таниды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес. Сондықтан маған еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ» деген сөзі әрқайсымыздан жүрегімізде жатталып тұр.

Қазақ халқы ынтымақ ұғымының мәнін жете түсінеді. 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілі қоныстанған республикамыз бүгінде өркендеп, ілгері басып келеді.

Біздер, жас буын, туған мемлекетіміздің бостандығын баяндай отырып, күш-қуатын арттырып, ел игілігі үшін жүйелі, сапалы еңбек етіп, дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделінің артуына үлес қосымыз керек.

Әліби БАСАРОВ,

Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры



Республика күні – ел тарихындағы маңызды бетбұрыс. Ол тек мереке емес, біздің егемендігімізді, еркіндігімізді және ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін күн. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болған осы салтанатты күн ел мерейін еселей түсетіні рас.

Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін Отан дейді. Әрбір адамда Отанға, туған жерге деген ыстық сезім, үлкен махаббат болады. Алысқа жолашылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте тауы да, тасы да саған ыстық болып тұрады. Адамзаттың парызы – туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу. Сондықтан егемен еліміздің болашағын жарқын ету жолында бірлесіп, аянбай еңбек етейік.

Ніетіміз – ақ, көңіліміз кіршіксіз қалыпта Отанымызбен мақтанаық, бірлігімізді нығайтайық, елділігімізді танытайық, бірге қуанайық. Атаулы мерекеде еліміздің тұғыры биік, рухы асқақ болсын!

Өсетхан БАЙМҰРЗА,

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының төрағасы



Құрметті отандастар! Сіздерді Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймын! Республика күнінің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы жоғары. 30 жылдан астам уақыт ішінде қазақ елі аяққа нық тұрып, бүгінде кез келген сала бойынша даму үстінде. Білім-ғылым, инновация, экономика және инфрақұрылым бағыттары өз кезегінде кемелденіп келеді. Бойын қазақшылық пен ұлттық рух кернеген қазақ жастарының саны көбейіп, елділігімізді айшықтар жас ұрпақтың алға қойған мақсат-мұраты артты. Мағжан атамыз айтып кеткендей, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жастар көп. Еліміздің мәртебесі тек жоғарылап, биікке шарықтау жолында еңбек ететін боламыз. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда еліміздің аспаны ашық, жетер жетістігі көп болғай.

Елизавета ЕСМАЕВА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Ел үшін, жастар үшін Республика күнінің маңызы зор. Көп мейрамның бірі емес, мемлекеттік маңызы бар ұлттық мереке екенін нақты насихатталуы, түсіндірілуі керек. 2022 жылы Президентіміздің республика күнін қайта енгізуінің өзі егемен Қазақстанның ертені үшін жасалған игі бастама деп білемін. Қазір жалаң ұранға емес, жақсы нәтижеге ұмтылатын кезең. Жаңа Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Ал жастарға, яғни бізге көрсетілген әрбір қолдау тиісті дәрежеде өз нәтижесін беруі үшін аянбай қызмет етуіміз қажет!

Нұрдаулет БАЙМАХАН,

жас драматург, қалалық «Жастар» театрының өртісі



Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен барша сырбойлықтарды құттықтаймын! Бұл – ата-бабамыздың асқақ арманы орындалып, елімізге еркіндік сыйлаған ұлы күн. Тарихы терең қазақ халқы үшін егемен елдің бейбіт күні баға жетпес байлыққа саналса, сол құндылықты күнсыздандырмау әрбір азаматтың басты міндеті. Сол үшін де Республика күнінің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы жоғары деп есептеймін.

Алдыңғы буын аға-өпкелеріміздің егеменді ел болуға ұмтылған ерен ерліктері тәуелсіз ел жастарының жарқын істерімен, жалынды бастамаларымен өз жалғасын табуда. Әсіресе еліміздегі жас спортшылардың жемісті жетістігі толастамай, спорт саласы жыл сайын серпінді дамуда. Биыл да төрткүл дүние көз тіккен Париж Олимпиадасы мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында қазақ спортының тарландары кім мықтылардың арасынан оза шауып, еліміздің көк туын әлемдік аренада желбіретті. Бұдан бөлек, Сыр өңірінде де облыс әкімінің қолдауымен аталған салаға айтарлықтай көңіл бөлініп, облыста бірнеше спорт кешені ашылып, жаңа стадионның іргетасы қаланды. Мұның барлығы егемен еліміздің даму жолындағы жаңа серпін деп білемін.

Осынау айтулы мереке қарсаңында барша сырбойлықтарды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір шаңыраққа бақ-береке және ырыс тілеймін! Еліміздің мәртебесі тек жоғарылап, биікке шарықтай берудің тілектеспін!

Өсемгүл ЕРДӘУЛЕТ,

Қаратөден Қазақстан Республикасының спорт шебері, Әлем, Азия чемпионаттарының қола жүлдегері, халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы

ӨЗГЕРГЕН КЛИМАТ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Басы 1-бетте

Климаттың өзгеруіне әсер етуші басты факторлар ормандардың азаюы, өндіріс пен автокөлік шығыны.

Ғарындары және энергияны қазба отындардан алу. Салдарынан жаһандық жылыну орын алып, жердің орташа температурасы артауда. Ал мұндай температурада еріген мұздықтар жағалауда орналасқан аймақтарға үлкен қауіп төндіріп отыр. Кейінгі жылдары экстремалды ауа-райы құбылыстарының артауы сонша, көгілдір экраннан көрген апатқа таң қалмайтын дәрежеге жетті. Құрғақшылық, су тасқыны, дауылдар мен орман өрттері барған сайын жиілеп, қаншама елдің тіршілігі мен экономикасына зиян келтіруде.

Мәселен 1980-2011 жылдар аралығында тасқын себебінен Еуроодақ елдерінің экономикасына келген шығын 90 миллиард еуроға жеткен. Одан бергі жылдарды есептей беріңіз...

Кейінгі жылдары дүние жүзінде табиғат апатының саны айтарлықтай артқан. 2000-2019 жылдар аралығында шамамен 7348 табиғи апат тіркелген. Бұл 1980-1999 жылдар аралығындағы кезеңмен салыстырғанда екі есеге көп дейді мамандар. Оның 44%-ы су тасқынынан болса, 28%-ы дауылдан, ал жер сілкінісі 11%-ды құрап отыр.

Астанада өткен CONNECTED халықаралық конференциясында жасыл экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг:

– Адамзаттың жартысы жойылып кетуі мүмкін. Оны жетістік деп айтуға бола ма? Климаттың өзгеруіне қатысты айтатын болсам, мемлекеттер бөлінген, ортақ мақсатқа жету үшін

нақты іс-әрекет жок. Тек үлкен мінберлерден айтылып жатқан сөз ғана бар. Париж келісімі міндетті болып табылмайды, әлемге ортақ заң емес. Әрине келісімге қол қойған мемлекеттер бар. Бірақ үкіметтер ешқандай да прогрессті қамтамасыз етіп жатқан жоқ. Перспектива жоқ. Ол келісім күшіне енгеннен кейін 4-5 жылдан соң кездесіп, талаптарды азайтты. Біз қазір болып жатқан жағдайларды түсініп, келісімнің талаптарын қайта қарауға тиіспіз. Біздің ұрпақтарымызға жағдайды түзеу үшін көптеген құрбандыққа баруға тура келеді. Бұл мәселе барған сайын күрделене түседі. Сондықтан мәселені қайта қарауымыз керек. Үкіметтің рөлі айтылып жатыр. Алайда ол жеткіліксіз. Адамдар мәселенің шешімін үкіметтен күтеді, талап етеді. Климаттың өзгеруіне бәрі жауапты. Тұтынушылар оны үкімет немесе бизнестен көрмеуі керек. Бұл жердегі мәселе – жүйенің болмауында, – деген болатын.

БҰҰ-ның даму бағдарламасы Қазақстанда кейінгі отыз жылда ауа температурасы 1,5 градусқа өскенін мәлімдеді. Салдарынан Қазақстандағы мұздықтардың аумағы 30%-ға азайған. Бұл әсіресе Іле Алатауындағы мұздықтарға қатысты байқалып отыр.

Кейбір аймақтарда жауын-шашын көлемі артса, кей аймақтарда керісінше 10-20% азайған. Тіпті соңғы 30 жыл ішінде Қазақстанда экстремалды ауа райы құбылыстарының жиілігі екі есеге артқан. Атап айтқанда, қатты ыстық толқындары мен құрғақшылық оқиғалары 80%-ға жиілеп, жеріміздің шамамен 66%-ы құрғақ аймаққа айналған. Ал кейінгі жылдары бұл көрсеткіш тіпті артып келеді. Баса назар аударғанмен бәсекеге шыдас бермейтін ауыл шаруашылығының (егін/мал шаруашылығы) құлдырауына бірден бір себеп осы. Бұл жағдай экономикаға ғана емес, халық денсаулығына да зардабын тигізуде.

Мысалға айтар болсақ, су тапшылығы өз кезегінде ауыл шаруашылығы өндірісіне кері әсер етті делік. Салдарынан импорт үлесі артып, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері туындайды. Ал бұл айналып келгенде халықтың денсаулығына өз әсерін тигізбей қоймайды.

Ірі өнеркәсіптік қалаларда ауаның ластану деңгейі де жылына 3%-ға көбейіп келеді. Мұнда әсіресе Алматы, Теміртау, Өскемен сияқты қалалар ластанудың жоғары деңгейінде тұр. Ал мұндағы зиянды қалдықтардың денсаулыққа әсерін төмендетуде орман, тоғайлар маңызды рөл атқарады. Бірақ оның да жағдайы мез емес. Себебі кейінгі 20 жылда Қазақстандағы орманды жерлердің көлемі 0,5%-ға азайған. Оған жылда отқа оранатын ормандарды қосыңыз.

Өзендер мен көлдерге келер болсақ, Каспий теңізінің су деңгейі жыл сайын 6-7 см-ге төмендеп барады. Кейінгі 15 жылда оның суы шамамен 1,5 метрге төмендесе, әлем назарын аударған Арал теңізі бұрынғы көлемінің 10%-ын ғана сақтап қалған. Ал таулы аймақтарда керісінше қар көшкіні мен су тасқыны оқиғалары 40%-ға артып отыр.

Бұл Қазақстандағы климаттық өзгерістердің нақты көрсеткіші және алдағы онжылдықта әлі де жалғасуы мүмкін дейді метеорология мамандары.

Бар дейсің бе өмірде азап ондай?

Дүние азса, ол енді аздай оңбай.

Адам таза болмайды ешқашан да,

Айналайын табиғат таза болмай! – деп жырлайды Қадыр ақын. Айналамыздағы жақсы-жаман өзгерістің барлығы да тікелей өзімізден басталатынын естен шығармайық!

Аружан ОРАЛБАЙ

КОЛЛЕКТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНАШЫРЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ...

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Тақырыпқа тұздық ретінде елдегі қарыздарды сәл болса да талқылайық. Бар қарызды айтып яки жаза бергенмен 18 триллионның азаймасы анық. Борышкерлердің көбеюі жұмыссыздыққа, айлық мөлшерінің аздығына тірелетінін де білеміз. Бірақ қаржылық сауаттылықтан да аттап кете алмамыз. Қазақстанда қаржылық білімнің жеткіліксіздігі азаматтардың жиі кредит алып, қарыздық қысымға түсуіне себеп болып отыр. Мәселен 27 жастағы қала тұрғыны Ерік Исмайлұлы негізгі 3 кредитпен бөлек микроқаржы ұйымдарында да азын-аулақ қарызы бар екенін айтты.

— Қасpi мен Halyq Bank-те 3 несием бар. Мұнан бөлек жылдам несиелермен де «доспын». Айлығым отбасымды асырауға, кейін қыдырумызға да жетеді. Бірақ қаражатты оңтайлы басқара алмаған соң банктегі қызметтерге жүгінемін. Басында суы тегінге алғандай қуанасың, ал төлем күні жақындағанда тағы да ақша іздеп кетемін, — деді ол.

КОЛЕКТОРЛАР КІМДЕР?

Қарызға тоқталдық, енді тақырыпқа арқау болған коллекторларға ойысасқ. Бауырынан артық іздеп, «жанашыр жақынына» айналған қарызды өндірушілер шын мәнінде кім?

Коллекторлар қарызды сотқа дейін немесе сот арқылы өндіріп алатын жеке агенттіктердегі қызметкерлер. Олар агенттіктегі басты «қару» тәртізі. Әрбір банк пен микроқаржы ұйымы проблемалық қарыздармен бетпе-бет келеді. Ал қарыз алушы берешегін уақытылы өтемеген кезде, банк әрине, коллекторларға жүгінеді. Қаржы ұйымдары үшін бұл жүктемені азайтып, қарызды қайтарудың соңғы амалдарының бірі.

— 2017 жылы «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданды. Бұл заңда агенттік қызметкерлеріне қойылатын талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері анықталып, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған ережелер бекітілген. Коллекторлардың заңсыз әрекеттеріне жол бермеу мақсатында олардың борышкерлермен байланысуы да регламенттелген, — деді заңгер Даниал Ибрагимов.

Қазақстанда коллекторлық агенттік өз қызметін тек ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде есептік тіркеуден өткеннен кейін ғана жүзеге асыра алады. Ал әр агенттіктің заңды түрде қызмет атқарып жатқанын анықтау үшін www.gov.kz сайтында «Қаржы нарықтары» бөлімінде тексеруге болады. Ал агенттіктер мен банк қалай жұмыс істейді?

— Клиент 90 күн ішінде төлемді кешіктірісе, алдымен «soft collection» бөлімі іске қосылады. Егер бұл кезеңде нәтиже болмаса, іс «hard collection» бөлімшесіне өтеді. Бұл әрекеттерден де нәтиже шықпаса, материал сотқа немесе коллекторлық агенттікке жолданады. Қарызды агенттікке сату туралы шешімді банк басшылығы қабылдайды. Борыш коллекторлық агенттікке өткен соң, барлық өндіріп алу міндеті агенттікке жүктеледі. Осы кезеңде борышкерге қарыздың басқа компанияға өткені туралы хабарлама жіберілуі тиіс. Коллекторлардың талап ету мерзімі 3 жылды құрайды. Егер осы уақыт аралығында қарызды өндіріп ала алмаса, іс сотқа берілуі мүмкін, — деп түсіндірді банк қызметкері.

Коллектор мен банк екі нұсқа бойынша жұмыс істейді. Банк агенттікке проблемалық кредитті жеңілдікпен сатып, борышкерден талап ету құқығын толығымен коллекторларға тапсырады. Яғни борышкер банкке емес, енді агенттікке қарыз болады. Коллекторларға кем дегенде 90 күнге кешіктірілген кредиттер мен микрокредиттерді сатып алуға рұқсат етіледі. Ал ипотека жағдайында төлем мерзімі екі есеге артады. Кейде қызмет көрсету шарты арқылы коллекторлар банктің мүддесі үшін делдал ретінде әрекет етеді.

Өндіріп алу қызметтері үшін олар комиссия алады. Банк кредитор болып қала береді, ал қарыз төленсе, өз ақшасын қайтарады. Егер коллекторлар комиссия жөніндегі шарт бойынша жұмыс істесе, олар сотқа бара алмайды. Себебі мұндай құзыреттілік тек кредиторға тиесілі.

«Коллекторлық қызмет туралы» заңның 5-бабына сәйкес, агенттіктер борышкермен бірнеше тәсіл арқылы байланысқа шыға алады. Мысалы ресми нөмірден хабарласу, жеке кездесу ұйымдастыру, тұрғылықты мекенжай бойынша пошта арқылы хабарлама жіберу, мәтіндік, дыбыстық және басқа да хабарламаларды ұялы байланыс арқылы жіберу. Сонымен қатар коллекторлар борышкермен байланыс кезінде бірқатар ақпаратты ұсынуға міндетті. Олардың қатарына агенттіктің атауы, есептік тіркеу нөмірі, орналасқан жері, қызметкердің аты-жөні және лауазымы кіреді. Сондай-ақ олар кредитордың атауын, берешек сомасын, өсімпұлдың мерзімі мен көлемін нақты көрсетуі қажет. Қарыз қайтарылмаған жағдайда туындайтын жауапкершілікті де түсіндіруге міндетті.

Коллекторлық агенттіктердің қызметі заңмен қатаң шектелген.

— Коллекторлар телефонмен байланысқа тек жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге дейін шыға алады және бір күнде 3 реттен артық қоңырау шала алмайды. Борышкермен жеке кездесу тек жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00 аралығында жүзеге асырылуы тиіс. Аптасына үш реттен, ал күніне бір реттен артық кездесу өткізуге болмайды. Коллекторлар борышкерден алынған ақпаратты, соның ішінде банк құпиясы мен жеке деректерді қорғауға міндетті.

«Коллекторлық қызмет туралы» заң коллекторлардың құқықтары мен міндеттерін айқындағанымен, барлық агенттік заң аясында жұмыс істейді дегуге келмейді. Кейбіреулері заң талаптарын бұзып, борышкердің ғана емес, туыстарының мазасын алады, — дейді Даниал Ибрагимов.

Сондай-ақ коллекторлық агенттікте шоттарды «бұғаттау» құқығы жоқ. Борышкерлердің банк шоттарына жеке сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу шеңберінде ғана шектеу қоя алады. Егер агенттік заң шеңберінен тыс әрекет етсе Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шағымдануға әрбір азамат толық құқылы.

ЕНДІ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ХАБАРЛАСПАЙДЫ

Жуырда Мәжілісте қаржы секторы бойынша заң жобасы қаралды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова баяндамасында коллекторларға тоқталды.

— Коллекторлық агенттіктердің демалыс күндері хабарласуға құқықтары жоқ. Бұл енді заңмен реттеледі. Екіншіден, жұмыс күндері тек үш рет ғана хабарласуларына болады. Одан аспауы тиіс. Егер бұдан артық мазалап жатса, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің колл-орталығына мәлімет беріңіздер. Шара қабылдаймыз, — деді Мәдина Әбілқасымова.

Жыл ортасындағы өзгерістерге тоқталсақ. Биыл 9 маусымда Мемлекет басшысы «кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру» жөніндегі заңға қол қойды. Нәтижесінде қазақстандықтардың проблемалық тұтынушылық кредиттерін коллекторларға сатуға 2026 жылдың 1 мамырына дейін толық тыйым салынды. Осы ретте Ranking.kz мониторинг порталы тыйым салынған алғашқы айларда банктердің қалай жұмыс істеп жатқанына шолу жасады. Олар төлем мерзімін 7 күннен көп, бірақ бір айдан аз уақыт өткізіп алу мәселесіне тоқталды. Төлем мерзімі аз ғана уақыт



өтіп кеткен кредиттер мәселесін уақытылы шешу бойынша 45,1 млрд теңгемнен Отбасы банкі көш бастаса, екінші орынға Bereke Bank тұрақтады. Сондай-ақ Halyq Bank және Банк Центр Кредит бір айда кешіктірілген кредиттер көлемін 3,2% және 2,6%-ға қысқартқан.

ЖАУАПТАН ЖАЛТАРҒАН ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ АГЕНТТІКТЕР

Қазір Қазақстанда 200-ге жуық коллекторлық агенттік заңды түрде жұмыс істейді. Қызылорда да аз емес. Олардың жұмыс барысымен танысып, сауалымызға жауап алу мақсатында алдымен онлайн байланысуға тырыстық. Өздеріне қажет уақта борышкердің туысқандарын түгендеп кететін коллекторлардың «Алло» дегеніне шынында зар болдық. Мұнымыздан нәтиже болмайтынын байқап, бетпе бет жолығуға тырыстық. Қаланың әр бұрышындағы агенттіктерді аралап, есің қаттық. Жұмысқа уақытылы келіп, түскі үзілістің 1 минутын да текке жібермейді екен. Қаз-қатар тізілген есіктер. Жөн сұрауға мұрша бермей, жауап қатуға киналып отырған коллекторлар. Ғимараттағы атмосфераны осылай ғана сипаттай аламыз. Сұрақ қоюға ниет білдіргенімізбен, кез келген ақпаратты құпия ұстап, тіс жармаған қызметкерлермен бетпе-бет келдік. Біз сөйлескен 10-ға жуық коллектор мен агенттік директорларының айтқаны бір: «Біз келісім-шартқа қол қойғанбыз. Ешқандай мәлімет айта алмаймыз». Егер жұмыстары заң аясында атқарылып, құқық бұзушылық болмаса жауаптан жалтаруға не себеп?

Бірақ санада қалған тоғалсыз сауалдың бір-екеуіне жауап айтқандар болды.

— Коллектордың негізгі міндеті — борышкерге қарызы бар екенін ескертіп, төлем жасау жолдарын түсіндіру. Кей адамдар өз қарызы туралы да білмейді. Біз оларға бөліп төлеу мүмкіндіктері, төлем графигі және кешіктірілсе туындайтын салдарлар туралы кеңес береміз. Біз борышкерлермен ресми түрде байланысып, олардың жағдайын ескереміз. Көбі графикпен төлеуді сұрайды немесе біржола жабуға дайын екенін айтады. Егер төлем жасалмаса, жағдай жеке сот орындаушысына өтеді. Ол борышкердің шоттарын бұғаттайды. Бірақ бұл жерде коллекторлардың мүлкіке арест салу құқығы жоқ екенін түсіну маңызды. Біз тек ескерту жасаймыз.

Жұмысымыз қатаң тәртіппен жүреді. Борышкерлерге күніне үш реттен артық хабарласуға құқығымыз жоқ. Ал байланыс уақыты тек таңғы 8:00-ден кешкі 21:00-ге дейін шектелген. Егер телефон тұтқасын көтермесе, туыстары немесе жақындарына хабарласып, қарыз туралы ескертуімізге болады, — деп пікір білдірді есімін өзгертуді сұраған Мақсат.

Ал бұл қызметте кімдер жұмыс істей алады?

— Агенттікте қызметкер болу үшін арнайы білім мен оқудың қажеті жоқ. Адамдармен мәдениетті сөйлесуді білсеңіз жеткілікті. Әрі қарай тәжірибе жинап үйренуге болады. Коллекторлық қызметте жалақы мен бонус жүйесі қатар жүреді, — дейді ол.

Байқағанымыздай, коллектор болу үшін заң саласында тәжірибенің болуы міндетті емес. Яғни борышкерлерге хабарласып, қысым көрсететін агенттік қызметкерлері құқықтық тұрғыдан толық сауатты болмауы мүмкін. Бұл қызметте коммуникациялық дағдыларға назар аударылады: адамдармен сөйлесу, дұрыс жауап беру және сатып алынған қарыздарды қайтарудың жолдарын іздеу. Бірақ мәселенің екінші жағы борышкерлердің жауапсыздығына тіреледі. Банк пен коллекторлардан қашып, сот орындаушыларға да ұстатпайтындар бар. Рас. Тегін дүние секілді үсті-үстіне алынған несенің өтемі де келеді емес пе? Қоғамдық көліктегі орта жастағы ер кісі телефонның ар жағындағы адамға «Төлемеймін. Қанша рет хабарласса да өздері білсін. Көрмегенім банк болсын» деді ашулы үнмен. Дәл осындай қарсылық агенттіктердің «ашулы» коллекторларын қалыптастырады. Жақында такси жүргізушісінен естіген әңгіме еске түсті.

— Өте сабырлы, момын досым бар еді. Университеттен кейін мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, коллекторлық агенттікке кірді. Жұмысы қарбалас, тіпті сыртқа шығып демалуға да уақыты болмайтын. Дәл осындай


кестемен жүріп, 1 жылдан кейін ашушаң, қызба жігіт болып шыға келді. Сойтсек 1 күнде 50-ден астам адаммен байланысып, айтатыны қарыз екен. Соның кесірінен өзі де шаршаған. Бірақ жұмыстан шығып кете алмады. Себебі айлығы жақсы болды, — деді жүргізуші.

КӨЗ КӨРІП, ҚҰЛАҚ ЕСТІГЕН ОҚИҒАЛАР

Ернұр (есімі өзгертілген): Ең бастысы өз құқығыңды білу

«Бірнеше жыл бұрын жұмысымнан айырылып, табысыз қалдым. Үйде отбасым бар, ал шығындарды жабу үшін алған несиемді төлей алмай қалдым. Алдымен банк хабарласып, төлемдерді ескертіп отырды. Үш ай өткен соң, іс коллекторларға тапсырылды. Олардың алғашқы қоңыраулары маған үлкен ауыртпалық болды. Әрине, олар қарызды дереу толық төлеуімді талап етті. Ал сол сәтте менде ешқандай мүмкіндік болмады. Олардың қысымы әлсін-әлсін жалғаса берді. «Үйіңе барамыз» деген сөздерін де естідім. Туысқандарыма да жиі хабарласып, мазаларын алуды әдетке айналдырды. Жағдайымды барынша түсіндіргенімнен пайда болмады.

Жаңа жұмысқа орналасып, тұрақты табыс көзі пайда болғаннан кейін борышыма барынша тез құтылуға тырыстым. Себебі коллекторлардың қысымынан күнделікті өмірімнен мән кетті. Ол кезде заңды білмейтінмін. Олардың бар айтқанына сеніп, иланып жүре бергенмін. Құқығыңды білмесен жерде қаласың деген осы ма?»



Айгүл (есімі өзгертілген): Қиындықтан қашпай, мәселемен бетпе-бет келу — дұрыс шешім

«Күтпеген жерден медициналық шығындарым көбейіп, несиемді уақытында төлей алмай қалдым. Бастапқыда коллекторлар сыйайы сөйлесіп жүрді. Бірақ уақыт өте қысым күшейе түсті. Олар туыстарыма қоңырау шалып, менің қарызымды айтып, мазалаған кездері мен үшін шынымен қиын болды. Қатты уайымдадым. Бірақ таныстарымнан, заңгерлерден сұрастырып, өзімнің құқығымды зерттедім. Кейін қоңырауларға жауап беруден қашпай, сөйлесуді жалғастырдым. Сөйлесудің ең дұрыс шешім екенін түсіндім. Агенттікпен бөліп төлеу кестесі туралы келісімге келіп, қарыздан құтылу мүмкіндігін алдым.

Бұл тақырып аясында құқықтық сауаттылықтың да ақсап тұрғанына көзіміз жетті. Көз көріп, құлақ естіген жағдайлар көп. Мысалдарды заңмен шегелейтін болсақ, борышкерге қатысты мәліметтің өзге біреуге жеткізілуі заңға қайшы әрекет. Коллектор борышкерге немесе үшінші тұлғаларға телефон арқылы болсын қандай бір қысым көрсетіп, тіл тигізіп немесе қарызды басқа да бір мүлік түрінде өтеуін талап еткен жағдайда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ал заң бойынша борышкер коллекторға жауап беруден бас тарта алмайды. Бірақ үшінші тұлғаларда ондай құқық бар.

Қорығындылай келе, қарыз алу дәл сол сәтте жеңілдік бергенімен, кейін ауыр жүкке айналады. Салдары салмақты мәселе туындамас үшін әр адам өз құқығын біліп, заңға сүйеніп отырып әрекет етуі қажет. Өмірдегі қаржылық жауапкершілік пен құқықтық білім ғана адамды қарыздан және оның психологиялық қысығынан босата алады.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ТАРИФІ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

жеткізу қиын. Сол үшін айдың ортасында қайтадан тенгерімді толықтыруға мәжбүр боламын. Ал студенттің қалтасына бұл шығын ауыр түсетіні түсінікті шығар, – дейді Марат Төреханов.

Интернет сапасы көңіл көңшіте ме?

Тарифтердің өсу бағасы билік өкілдеріне мәлім. Олар бағаның шарықтауына шек қоямыз дегенімен, одан кейінгі жаңалықтардан тек бағаның өскені туралы білдік. «Facebook» желісінде осы тақырып аясында пікір білдірушінің көбі мобильді тарифтің қымбаттығы мен интернеттің ұлудай жылдамдығына ызалы. Себебі қымбаттамаса, құны кемімейтін тарифтік жоспардың сапасы сын көтермейді. Шет ауыл-аймақта желі тартпақ түгілі, кейбірінде интернет атымен жоқ екен. Оның үстіне баға жиі-жиі қымбаттайды.

Нарықтағы бәсекелестіктің жеткіліксіздігі мобильді интернеттің қымбаттығына әсер ететін тағы бір маңызды фактор. Цифрландыру саласы бір ізді болды десек те, әлі де олқылықтардың орны толмай тұрғаны қынжылтады. Кей жұрт қаланың қас ортасында отырып ак интернет жылдамдығының әлсіз екендігіне шағымданады. Тіпті өзіндегі желі тартпаған соң,

мобильді нөмері мен тарифін де ауыстыруға мәжбүр болады.

Оны орнату тегін болғанымен, байланыс қызметінің құны бірінен бірі өтеді. Орташа айлық көрсеткішімен есептейтін болсақ, айына тұрмыстық шығындар үшін аз ақша жұмсалмайды: азық-түлік, коммуналды төлемдер және өзге қажеттіліктер. Халықтың көп бөлігі несиелі, оның үстіне қымбатшылық заманда сапасына сызат түскен интернет үшін 10 мың теңгелеп төлеп, оның шапағатын көре алмасақ, одан не қайыр?

Сұрақ көп, жауап ше?... Бұл мәселе «жаманын жасыруға, жақсысын асыруға» келмейді. Оңалар деп отырғанда опық жемесек болғаны...

Баға неліктен көтерілді?

Бірі интернет үшін төленетін шығынды қымбат деп бағаны бұрсы көрсе, екіншісі бұл бағаны қанағат тұтады. Себебі оның қымбаттауына белгілі себептер бар. Инфрақұрылым мен жаңа технология, сонымен қатар экономикалық мәселе мен электр қуатының қымбаттауы ғаламтордың қолжетімді болуына кедергі. Бағаның өсуіне девальвация мен инфляцияның да әсері аз емес.

Жоғары жылдамдықтағы интернетке сұраныс көп. Әсіресе пандемиядан кейін онлайн білім алушылар саны өсіп, үйден жұмыс істейтіндердің саны арта бастады. Мәселен 500 Мбит/с дейінгі жылдамдықтағы интернет үшін тарифтер құны 14 999 теңгеге дейін жетеді. Қазақстанның

интернет провайдерлері, соның ішінде ірі оператор «Kazakhtelecom» инфрақұрылымды жаңарту мен кеңейтуге үлкен қаржы салымдарын жасайды. Бұл оптикалық желілерді тарту, жаңа станциялар мен серверлерді орнату сияқты шығындарды қамтиды. Бұл да тарифтердің өсуіне әсер етеді.

Қазақстан географиялық көлем бойынша үлкен мемлекеттер қатарына жатады. Ал бұл өз кезегінде халықтың бірқалып шоғырланбауына әкеледі. Интернет желісімен елдің барлық аймағын қамту үшін үлкен капитал салымдары қажет. Бұл өз кезегінде байланыс операторларының желіні кеңейту шығындарын арттырады. Әсіресе ауылдық және шалғай өңірлерде. Мысалы Қазақстан интернетті жеткізу үшін шетелдік транзиттік байланыс операторларына тәуелді. Бұл да шығындардың өсуіне ықпал етеді.

Қазір 5G технологиясын енгізу және инфрақұрылымды жаңарту мәселесі өзекті. Бірақ бұл процесс те қомақты шығындарды қажет етеді және инфрақұрылымды заманауи стандартқа сай ету үшін уақыт керек.

Жеңілдіктер туралы

Қарастырылған жеңілдіктер туралы айта кетсек. Себебі бірі білсе, бірі білмес, карт кісілер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған тарифтер бар. Мәселен, «Activ» желісі мүгедектігі бар жандар үшін «Әлеуметтік» деп аталатын қолжетімді тарифты ұсынады. Тариф аясында ғаламторды пайдалануға мүмкіндік беретін 10 ГБ және 100 хабарлама, өзге операторларға 100 минут, ал «Kcell» және «Activ» шексіз қоңырау шалуға болады. Құны небәрі 1790 теңге.

Ал «Билайн» ұсынатын тарифтік жоспар жоғарыда атап өткен жандардан бөлек, сондай-ақ мұғалімдерге де қарастырылған. Құны 2290 теңгелік тариф 200 хабарлама мен 12 ГБ мобильді интернетті қамтиды, өзге операторларға 100 минут және «Билайн» желілері арасында шексіз. Бұл тарифтік жоспарды *835# командасын теріп, ЖСН арқылы қоссаңыз болады. Барлық ақпаратты аталған желінің ресми сайтынан толығырақ алуға болады.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асхат Оразбек «Қазақстандағы байланыс пен интернет сапасының мәселесін шешу үшін арнайы арзан тарифті жаңа байланыс операторлары пайда болады» деп, «Қолжетімді интернет» жобасының аясында виртуалды ұялы байланыс жүйесін іске қоспақ. Бұл халықтың шығынын азайтып, ұтымды мобильді интернет тарифін ұсына алады. Бұл жоба 2027 жылға дейін жүзеге асырылады деп жоспарлануда. Алайда ол үшін мемлекет пен реттеуші органдардың қолдауы қажет.

Қазақстандағы мобильді интернетті қолжетімді әрі сапалы ету үшін бірнеше бағытта жұмыс істеу қажет: инфрақұрылымды дамыту, бәсекелестікті арттыру, мемлекет тарапынан қолдау көрсету, сондай-ақ шетелдік тәжірибені енгізу салмақты серпін бермек. Еліміздің болашақ цифрлық әлеуеті осы аталған жаңартулардың жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Сондықтан бұл мәселені жүйелі шешу Қазақстанның цифрлық трансформация процесінің ілгерілеуіне үлкен үлес қосары анық.

Қорлан САРЫ

Ең арзан интернет Қазақстанда

Қазіргі уақытта телекоммуникация нарығында қалааралық және халықаралық телефон байланысы, интернет желісіне қол жеткізу, спутниктік жылжымалы байланыс қызметтерін ұсынатын 20-ға жуық байланыс операторы, сондай-ақ 3 ұялы байланыс операторы жұмыс істейді. Қазақстандағы телекоммуникация саласына талдау жүргізіп, ондағы бағалар мен осы тақырып аясындағы өзекті мәселелерді талқылайтын алаң – «PROFIT Telecom Day» деп аталады.

Биыл өткен «PROFIT Telecom Day» конференциясында «Қазақстанның Ұлттық телекоммуникациялық Қауымдастығы» ЗТБ президенті Асылбек

Хайрушев елдегі байланыс саласының жай-күйіне шолу жасады. Айтуынша, биылғы 1 сәуірдегі мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда 3,1 миллион байланыс абоненті тіркелген. Одан бөлек 25,6 миллион ұялы байланыс абоненті бар.

– 3G, 4G және 5G технологиялары енгелі, абоненттер ұялы байланыс желілері арқылы интернет желісіне қол жеткізді. Бүгінде елімізде 18 миллионнан астам мобильді интернет абоненті бар. Ұялы байланыс абоненттері арасында интернеттің ену деңгейі 70%-ды құрады. Халықаралық электр байланыс одағының деректеріне сәйкес, ҚР-да халық үшін мобильді интернеттің қолжетімділік деңгейі 99%-дың 96%-ына бағаланады. «Speedtest Global Index» деректеріне сәйкес, ағымдағы жылдың ақпан айында Қазақстанда тіркелген интернет жылдамдығы 50,7 Мбит/с құрады, ал мобильді интернет жылдамдығы 35,71 Мбит/с. Бұл ретте Қазақстандағы мобильді интернет құны әлемдегі ең төмен бағалардың бірі болып қала береді. Осылайша, Қазақстан мобильді интернеттің төмен құны бойынша әлемнің 164 елінің ішінде бесінші орынды иеленді. Егер біз көпжылдық динамиканы қарастыратын болсақ, халықтың барлық тұтынушылық шығынының ішінде байланыс шығындарының үлесі әрқашан аз болды. Жалпы халықтың барлық тұтынушылық шығысынан байланыс қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың үлесі 3-5%-ға, яғни тар диапозонды болып өзгереді, – деп бөлісті Асылбек Хайрушев.

Иә, жылдам интернет басымдыққа ие. Алайда оның бағасы алаңдатпай қоймайды. Мобильді тарифі ең арзан бес мемлекеттің қатарында болсақ та, келетін шығынның құны аз емес. Елімізде бірнеше байланыс операторы жұмыс істейді. «Beeline», «Теле2», «Kcell» және «Activ», «Altel», «Kazakhtelecom» секілді байланыс операторы халық арасында танымал. Алайда кеңінен қолданыстағы тарифтер құны кем дегенде 4-5 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ «тариф қамтитын гигабайт бір айға жеткіліксіз» дейді кейбір тұтынушылар. Оның үстіне кейінгі жылдары құны қымбаттап, байланыс операторлары халық наразылығына ұшырап та келеді.

– Мен «Beeline» байланыс операторының қызметін қолданамын. Айына 4990 теңге төлеймін, 25 ГБ беріледі. Алайда оны бір айға жеткізу мүмкін емес. Студенттің, яғни үй тапсырмалары мен оқу барысында орындауға тиісті дүниелердің бәрі интернетке байлаулы. Оның үстіне мен қолданатын тарифта «шексіз интернет» қарастырылған. Түрлі әлеуметтік желілерді қолданатын мен үшін бір айға 25 ГБ-ны

24-қазан – кітапханашылар күні

КІТАПХАНАШЫ – МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ

Кітапханашы – қоғамның рухани әрі мәдени дамуына маңызды үлес қосатын мамандық иесі. Олар оқырман мен білім арасындағы дәнекер десек те болады. 21 қазан күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап және қаламгер» атты республикалық семинар өтті. Аталған жиын Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығына және 24 қазан – кітапханашылар күні мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Іс-шарада облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов бірқатар маманға марапат табыстады.

Семинар жұмысына арнайы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының мамандары қатысып, өңір кітапханашылары үшін шеберлік сабақтарын өткізді.

Одан бөлек облыс кітапханашылары «Өрелінің өрісі кең» тақырыбында ұйымдастырылған интеллектуалды ойынға қатысты.

Семинардың екінші бөлігі әдебиет майталманы, Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған іс-шаралармен жалғасты.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында ҚР ҰАК директорының кеңесшісі Айжан Табаракқызы, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Сыдыққызы әңгімелеп берді. Мереке соңында жастар ақын өлеңдерін жатқа оқып, қонақтардың қатысуымен ақынның ескерткішіне гүл қою рәсімі болды.

Кітапханашы – мәдениет пен білімнің сақшысы. Олардың еңбегі қашанда зор. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жылына 300-ден астам іс-шара өтіп, 32 мың оқырманға қызмет көрсетіледі. Одан бөлек облыста 209 мемлекеттік кітапхана халық игілігіне қызмет етіп келеді. Олар

рухани тәрбиеші, білімді сақтаушы әрі оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Кітапханашы күнделікті еңбегі арқылы қоғамды дамытудың негізгі күштерінің бірі ретінде өзін дәлелдеп келеді. Олар халықтың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, оны дәріптеуге ықпал етіп жүрген білімнің жаршысы.

Нұршат НЫШАНОВА



Гүлжахан Шүйінішбаева:

ҰСТАЗ ӨЗ БЕДЕЛІН ӨЗІ КӨТЕРЕДІ

Бүгінде оқушы тәрбиесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Білім ордаларындағы бұрынғы және бүгінгі тәрбие беру жүйесінің ерекшелігі неде, бағыты қалай өзгерді? Қандай жұмыстар атқарылуда?

Бұл туралы білім беру саласында 40 жылға жуық қызмет еткен, Арал ауданы, Қаратерек ауылындағы №82 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжахан Шүйінішбаева сұхбат барысында толығырақ айтып берді.

— Гүлжахан Сағидоллақызы, мектепте қызмет атқарғаныңызға 40 жылға жуықтапты. Оның басым бөлігінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек еттіңіз. Сөз басын педагог мәртебесінен бастасак. Ұстаздардың беделін арттыру мақсатында бірқатар жұмыс атқарылды, дегенмен мұғалімнің беделі өзіне де байланысты секілді... Жаңа заман педагогі қандай болуы керек?

— Иә, осы мектепті 1981 жылы аяқтап, Атырау, бұрынғы Гурев қаласында педагогикалық институттың «Бастауыш сынып педагогикасы және методикасы» факультетін бітірдім. 1985 жылы оқуды тәмамдағаннан кейін ауылға келдім. Бірақ өз мамандығым бойынша жұмыс табылған жоқ. Екі жыл тарихтан сабақ беріп, одан кейін ғана бастауыш сыныптарға сабақ беруді бастадым. 1980, 1983 жылғы оқушылардың алғашқы ұстазы болдым. Ал 1993 жылдың 1 қыркүйегінен бастап директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне ауыстым. Содан бері 31 жыл уақыт өтті.

Мұғалім мәртебесі қай мемлекетте де, менің ойымша, жоғары болуы керек. Тәуелсіз елімізде мектептің басты міндеті — оқушыға білім беріп, саналы, тәртіпті тұлға болып қалыптасуына тәрбиелеу, бағыттау. Мұғалім мәртебесін асқақтатып, беделін қоғам алдында биік қойсақ қана жас ұрпақ білімді әрі зиялы болады. Аға буынның айтуынша бұрын мұғалім келе жатқанда, балалар бас киімін алып, жол беріп, тұра қалатын. Мұндайды өзім де көрдім. Қазір олай емес. Танымайтын адамға назар да аудармайды. Қоғамдық көлікте жасы үлкендерге құрмет көрсетілмей, келенсіз жағдайлар байқалып қалады. Бұл отбасы және мектептегі тәрбиенің ұштасуының кемдігінен болып тұр.

Елімізде жыл сайын мұғалімге деген құрмет артып келеді. Мұғалім толық мәртебеге қай уақытта ие болады? Менің ойымша, білім саласындағы білім мен біліктілік сапасы шынайы анықталған уақытта ғана педагог толық мәртебеге ие болады деп ойлаймын. Ұстаздың беделі заман көтеріледі деп ойламаймын. Ұстаз өз беделін өзі көтереді. Педагог мәртебесі туралы заң мұғалімдік мамандыққа сұранысты арттырған секілді. Себебі кейінгі екі жылда педагогикалық мамандықты таңдайтын түлектер саны көбейді.

— **Сіз екі ғасырдағы білім беру жүйесін көрген ұстазсыз. Салыстырып айтыңызшы, екі кезеңде не өзгерді?**

— Оқу үлгерімін бағалау жүйесі өзгерді. Бұрын бала төмен баға алса, үйге жыялып келіп, жақсы баға алса, қуанып кіретін еді. Қазіргі балалар қандай баға алып келгенін білмейді. Балдык жүйеден гөрі, баланың баға алып қайтқаны жақсы еді. Ата-анамен байланыс орнату үшін күнделік жақсы құрал. Үйге берілген тапсырманы жазып, күнделіктен қарайды. Технология дамыған заманда әлеуметтік желі арқылы көптеген дүние шешіліп жатыр. Кешегі жүйені көрген, осы саламен әбден таныс маман ретінде қазіргі жүйе көңілімізге қонбай, өткенді аңсайтынмыз рас. Балаларда жүргізіп оқу аз, тіп байлығы кем. Біздің кезімізде кітапханамен байланыс мықты, жоқ кітапты кезекке тұрып, сұрап оқитынбыз. Қазір оқуға құштар бала аз. Айталық, жүргізіп оқып, түсінігін баяндай білген бала сауатты жаза біледі. «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы», «Мектеп театры» жобалары арқылы балалардың кітап оқуға деген құштарлығын, оқу сауаттылығын арттырып жатырмыз.

Жобаның мақсаты — мектеп оқушыларының кітап оқуына басшылық жасау, қызығушылықтарын ояту, кітаптарды насихаттау арқылы балалардың бойына рухани құндылықтарды ұялату.

Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема — жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Негізгі білім — пайдалы инвестиция. Біз білім мен ғылымда бәсекеге қабілетті болмасак, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен басталады, соның ішінде ауыл мектебінің алатын орны ерекше деп ойлаймын.

— **«Ата-ана, бала, мектеп» деген үштік одақтың бірлігі бекем бе?**

— Қазір ата-ана да балаға көп назар аудармайды. Бұрын ата-ана баласы мектептен келгенде жаңа дүние үйреніп келді деп қуана күтетін секілді еді. Кемшін тұсы болса, «кінә өзіннен бе?» деп сол сұрақтың жауабын іздейтін. Бүгінгі ата-ана ондай емес. Қазіргі ата «саған кім тиісті, кім не деді, аяның кімді қалай бағалады, сені неге олай бағалаған жоқ?» деп өзара бәсеке туғызады. Біліммен емес, киім, телефонның маркасымен жарыс бар екені жасырын емес.

Демек қоғамда ата-ананың мектептен алшақтаған уақыты болып тұр, сондықтан әрбір ұстаз әр баланы жеке тұлға етіп қалыптастыруда аянбай еңбек етуде. Мектептегі ұстаз — баланың екінші ата-анасы, болашаққа жол сілтер ақылшысы. Ата-анамен бірлескен жұмысты, арадағы байланысты жалғастырушы тұлға — ұстаз. Үштік одақ жұмысы мектептегі ұстаз, отбасындағы ата-ана бірлескен жағдайда мақсатына жете алады, сонда ғана бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады деп ойлаймын.

— **Ұстаздың сөзіне немқұрайлы қарайтын оқушылар кездесіп қалады. Бала тәрбиелі, кішіпейіл болу үшін ата-ана қандай ұстанымда болуы керек?**

— Ұстаз — бір ауыз сөзбен айтсақ, балаға үйретуден жалықпайтын жан. Әр баланың жандүниесін танып білуші, яғни мүсіншісі. Баланың мінезіндегі қандай қателікті де кешіре білетін жан.

Тәрбие саласында өзім еңбек еткен кейінгі 30 жылмен салыстыратын болсам, ата-ананың мектеппен байланысы бұрынғымен салыстыруға келмейді. Бұрын олар сынып сағаты, ата-аналар жиналысында баланың оқу үлгерімі, тәртібі, тазалығымен танысып қайта қоятын. Мектепшілік ата-аналар жиналысында да үлгерім, жалпы қауіпсіздік мәселесі қозғалатын.

Ал қазір, тәрбие саласында «Әкелер, аналар мектебі» жұмыс жасайды. Ата-аналардың қазір мектеппен байланыс орнатуға көп уақыты жоқ. Былтырдан бастап республика бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» жұмыс істеудеміз.

Сонымен қатар, мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасы бойынша жыл бойы ата-аналарға жоспарлы курс бойынша сабақтар өтеді. Мақсаты — балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуі ұйымдастыру.

Орталықтың курс сабақтары оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты 3 топта өткізілді. «Даналық мектебінде» аталар, әжелер, ағалар, жеңгелер атты 4 секция жұмыс жасайды. Мұндағы мақсат — ата-әже бойындағы мейірім мен ұлағатты, қазақы құндылықты бала бойына сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу. Қазіргі құқықбұзушылық неден болып жатыр? Зорлық-зомбылық көп. Балаларда аяушылық аз, бір-біріне қысым жасау байқалады. Соның бәрі бала бойындағы адамгершілік, имандылық, жалпы отбасылық тәрбиенің кемдігінен. Сондықтан сала өкілдері білім ордасында даналық мектебін құруға шақырды. Бұл — жақсы идея. Біреудің үйінде атасы, бірінде әжесі жоқ. Бірақ мектептегі іс-шарада өзге ата-әжелерді көріп, жақсы әдеттерін үйренеді, үлгі алады. Мұндай биылғы жылдың алғашқы іс-шарасын кешегі аптада бастадық. Ағалар жақсы маман, айталық табысты кәсіпкер, мықты еңбек адамы, үздік спортшы болса, соны үлгі етіп, жеңгелерінен қайыңсіңілері пайдалы дүниені үйренсін деген мақсатта іске асуда.

Ұстазға немқұрайлы қарайтын бала қай кезде де кездесіп, менің де сыныптастарымның арасында сынып жетекшіні тыңдамайтын оқушылар болды. Бірақ ол кездің балалары үйге ештеңе айтып бармайтын. Менің отбасым ұстаздар отбасы еді, үйде мектептегі жағдай талқыланбайтын. Бала педагогты сыйлау үшін ата-ана мұғалім жағында бала аз керек. «Балам, ол — ұстаз, ол менің де,

папанның да ұстазы. Ешбір адам ұстазсыз болмайды. Біздің осындай дәрежеде жүргеніміз әуелі Алла, сосын ұстаздардың арқасы, олар тек дүние дүниені айтады. Оларды тыңдау керек» деп жиі айту қажет. Ұстаздың мәртебесін қоғам көтереді, қоғам дегеніміз — халық, ал халық отбасынан құралады. Алла қаласа біздің үйден де ұстаз шығуы мүмкін дегенді жиі айтса деймін.

Анасы таңертең тұрып, киімін кигізіп, галстугын түзеп, шашын тарап, таңғы асын беріп жіберген бала мен ата-анасы ұйықтап жатып, өзі киініп, үрпі-түрпі болып, асығып, дым ішпей келген бала екі түрлі болады. Кейбір баладан «галстугың қайда, неге шашың таралмаған, мамаң қайда?» десең, «ұйықтап жатыр» дейді. Немқұрайлылық деген — осы. Ұрпағы дұрыс болуы үшін ата-ананың өзі дұрыс болу керек.

— **Ата-аналар мектептегі сабақтан бөлек, білімді болсын деп бала баратын қосымша сабақ пен үйірмені көбейтті. Бұл**

шаралар бөлістірген. Қыркүйек — еңбеккерлік және кәсіби біліктілік айы болса, қазан — тәуелсіздік және отаншылдық айы. Осы құндылықтарды қалыптастыру үшін күнделікті, апта сайынғы жұмыстар бекітілген.

Сабақ арасындағы үзіліс кезінде ұлттық ойындарды ұйымдастыру, «өнегелі 15 минут» атты ата-анамен байланыс орнатуға арналған уақыттар бар. «Үнемді тұтыну» уақытында апта бойы суды үнемдеу, энергия үнемдеу туралы іс-шаралар өткізіледі. Апта сайынғы іс-шараларға келсек, әр аптаның бірінші сабағы гимнаст басталады. Мектепке дөйексөздер ілеміз. Бұл сол айдағы іс-шараның негізі деуге болады. Сол жазылған дөйексөз арқылы жұмыстар жүргізіледі. Ол мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы болуы мүмкін. Сынып сабағына қауіпсіздік сабағы кіріктірілді. Онда жол қозғалыс, өмір қауіпсіздік ережелерін сынып жетекшілері түсіндіреді.

— **«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасына орай ауыл мектебі екі қабатты болып бой көтерді. Қазір білім ордасында өзгеріс көп. Негізгі жаңа бастамаларға тоқталып өтіңізі...**

— 2014 жылы жаңа мектеп ел игілігіне берілді. Жаңа мектептің аты жаңа мектеп. Балаларды ыстық тамақпен қамтуға арналған 108 орындық асхана жұмыс істейді. 211-дей бала ыстық тамақпен қамтылған. 200 орындық акт залы, мұражай бар. Биыл мектеп ұжымының қолдауымен мұражай 1 миллион теңгедей қаржыға қайта жасакталды. Алла қаласа осы жылы пайдалануға беріледі. Ұлдарға арналған шеберхана, қыздардың тігін шеберханасы, спортзал да жұмыс істейді.

— **Ұстаздар оқушы тәрбиесі үшін қатан сұралады. Тіпті түнгі уақытта кезекшілік те атқарады. Ал олар өз балаларына қарауға үлгере ме?**

— Кезекшілік жай күндері де, мереке күндері де күн тәртібінен түсіп тұрған жоқ. Жұма, сенбі күндері ерікті ата-аналар мен мұғалімдер, мереке алды, мереке күндері мектеп мұғалімдерінен кезекшілік бар. Мұғалімдер түсіністіктен қарайды. Балалардың қауіпсіздігіне толық жауаптымыз. Сондықтан бұл тұрғыда мәселе жоқ деп ойлаймын.

— **Білуімше, ата-ананың да педагог болған. Ұстаз болуыңызға отбасыңыз әсер етті ме?**

— Менің ата-анам ұзақ уақыт мектепте жұмыс істеген. Әкем Сағидулла директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. Анам Ақжаркын алғашқы уақытта осы мектептің директоры болып еңбек еткен. Екеуі де қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі еді. Әкемнің інісі Сәйдүлла тарих пәнінің мұғалімі болды. Кейін Сексеуіл кентінде №231 мектеп директоры болып зейнетке шықты. Менің педагогикалық жолға келуіме ата-анам зор ықпал етті. Бүгінде олардың арманын орындап, мұғалім болдым. Кәсібімнің қуанышы мен қиындығын алып жүріп, тәрбиедегі ауыртыпалықтарға мойымадым. Алланың қалауымен бүгінгі нәтижеге отбасымыз және ұжымның қолдауымен жеттім деп ойлаймын.

Менің мейірімге толы жүрегім шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре білді. Талай тентекті жуасытып, кейбір еркені сабасына түсіріп, ұлды ержеткізді, қызды бойжеткізді.

Айта кету керек, әркімнің қолынан келмейтін ерекше талантты қажет ететін, күнбе-күн кездесіп қайтпартың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап, шешімін табуға дайын отыратын адамзаттың сәулетшісі — ұстаздың алдында әрбір жан бас иеді.

— **Сұхбат үшін рақмет!**

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



оқушы психологиясына, сабақтан жалығуына әкелмей ме?

— Бұрынғы кезде де үйірмелер болды, бірақ дәл қазіргідей болған жоқ. Қазір үйірменің де, секцияның да түрі көп. Бірақ соған келмейтін де, бәріне үлгеретін де балалар болады. Біздің мектептің өзінде бокс, тоғызқұмалақ, шахмат, теннис, волейбол спорттық секциялары жұмыс істейді. Мектепте Арал аудандық олимпиадалық резервтік мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 7-10 жас аралығындағы оқушылар үшін бокс филиалы жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал ұрпақ» клубы тұрақты жұмыс атқаруда. Пәндік, техникалық, эстетикалық бағытта үйірмелер болады. Ал спорт үйірмелері тұрақты жүргізіледі. Мұның «оқимын» деген балаға келерісі жоқ.

— **Қазіргі тәрбие жүйесіндегі негізгі бағыт қандай? Іс-шаралардың форматы да уақытқа сәйкес өзгерген болар...**

— Біз өткен жылдан бері білім беру ұйымдарына арналған біртұтас білім беру бағдарламалары негізінде жұмыс істейміз. Биыл «Әділетті Қазақстан. Адал азамат. Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы бойынша жұмысымызды бастадық. Біздің негізгі қағидамыз — әділдік, тірегіміз — жауапкершілік, мақсатымыз — өрлеу деген ұстанаммен жұмыс істейміз. Бағдарламаның негізі — рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту, парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру.

Биылғы өзгешілік — әр айға тұрақты іс-

ӘЛЕМНІҢ ӘБДІЖӘМІЛІ



Биыл жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына – 100 жыл. Арал ауданында қаламгердің атында тарихи музей жұмыс істейді. Ғимарат 2014 жылы ашылып, ел игілігіне берілген болатын. Мұнда экспозициялық зал және жазушының жазу бөлмесі бар. Жазушы көзі тірісінде осында жиі кеп тұратын. Бұл тарихи орынға жылына 2000-нан астам адам келеді.

Музейге тұтынған заттары мен кітаптары қойылған. Әбдіжәміл Нұрпейісов – қазақ әдебиетіне үлкен олжа салған тұлға.

Сәл шегініс жасап, жазушының өмір жолына көз жүгіртсек, Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде туған. 1956 жылы М.Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген. 1962-1964 жылы «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды. Халықаралық Қазақ ПЕН клубының президенті, 2000 жылдан «Таң-Шолпан» журналы редакторлар кеңесінің төрағасы.

Әдебиетке 1947 жылдан араласа бастады. Тұңғыш шығармасы – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Қурляндия» романы 1950 жылы жарық көрді. Бұл шығармасы үшін жазушыға Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. «Қурляндия» романын кейіннен өңдеп, толықтырып, 1958 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта жариялады. «Қан мен тер» трилогиясы (1-кітап – «Ымырт», 1961; 2-кітап – «Сергелден», 1964; 3-кітап – «Күйреу», 1970) және

«Сен» (1983), «Соңғы парыз» (1999) романдары дүниежүзі халықтарының көптеген тіліне аударылған.

Жазушының «Қан мен тер» романы бойынша жасалған инсценировкасы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының репертуарынан орын алды. «Соңғы парыз» – романистикалық әлеуметтік-психологиялық шығарма. Диалогияда Арал теңізінің апатқа ұшырау хикаясы нақты суреттелген. Ол Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Бұл – туған елдің перзентіне құрметі болса керек.

Әбдіжәміл Нұрпейісов қандай шығарма жазса да, ірі сөйлеп, ірі ойлар тудыратын. Сонымен де өзіндік үлгі қалдырды. Тағдыр жолында бәрін көрді, барын берді. Ғиبراتты ғұмырнаамасында төл әдебиетіміздің алыбына айналды.

Алаш жұртының Әбдіжәмілі атанды. Қазақ халқының



шығармашылық мүмкіндігін әлемдік әдеби аренада мойындатқан таңдаулы қаламгер. Романдары әлемдік әдебиеттің алтын қорына енді. Туған жері Арал тағдыры арқылы адамзат тағдырына алаңдаған жазушы шығармалары бүгінгі күннің шындығына айналды.

Оның қалам мен қаруды қатар ұстаған өмір жолы болашаққа жол қараған бала секілді. Әрбір шығармасы тарих таңбасына қатталған ұмытылмайтын ұлы ерліктерінің бірі.

Ботақоз САРБАСОВА,
Арал қалалық тарихи музей менгерушісі

«ЖЫЛ СТУДЕНТІ-2024» АНЫҚТАЛДЫ

Жуырда «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Ұстаз – ұлт келбеті» атты IV қорытынды гала-концерт өтті.

Іс-шараға Қызылорда қалалық 7-шақырылымның депутаты, кәсіпкер Дінмұхамед Абизов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары» бөлімінің басшысы Жанар Бимұратқызы, қоғамдық қордың мүшелері, жергілікті кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері мен білім саласының белсенділері қатысты.

Бүгінде қоғамдық қор өңірлік педагогикалық бағыттағы білім алушыларға қарқынды қолдау көрсетіп келеді. Аталған білім ордасында 110 студент қосымша білімін жетілдіруде. Олардың көбісі, тұлғалық, әлеуметтік және тілдік бағытта дамуына, болашақта білікті маман болуына жағдай жасайды.



Іс-шараның ең басты сәті – «Жыл студенті-2024» байқауының жеңімпаздарын марапаттау болды. Бұл атаққа Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Шамиль Анарбай ие болып, оған MacBook пен ауыспалы статутка табысталды. Екінші орын иегері Айлана Тамабай Apple iPad иеленсе, үшінші орынға жайғасқан Қабыл Дүйсекке Apple Watch табысталды.

Сонымен қатар Instagram желісі арқылы ең көп лүпіл жинаған студент Айша Әубәкір «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болып, 50 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық алды. Үздік ондыққа кірген 7 студентке арнайы сыйлықтар мен КітапАл дуkenінен сертификаттар табысталды. Мұнан бөлек Airpacha контент студиясының директоры Ғани Болатұлының атынан 30 мың

теңгеден қаржылай қолдау көрсетілді. Белсенді студенттер де арнайы марапаттарға ие болды.

Айта кетейік, жақында атап өтілген Қала күні аясындағы Сыр бойының студенттеріне жан-жақты қолдау көрсетіп, әсіресе болашақ ұстаздардың дамуына айрықша үлес қосқаны үшін қор директоры Нұрбек Серікбаев аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының алғыс хатымен марапатталды.

Аймақта білімге айрықша қолдау көрсетіліп келеді. Оқу орындарының инфрақұрылымы жаңарып, жаңа мектептер мен заманауи орталықтар бой көтеруде. Мұғалімдерге кәсіби тұрғыда дамуға барлық жағдай жасалып, оқушылардың сапалы білім алуы үшін түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Бұл бағытта «Білім Ыбырай» қоры да белсенді түрде жұмыс істеуде. Себебі білім түбі де, шегі де жоқ теңіз.

Нұрасыл ҚАЛМАХАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ТӘРБИЕЛІ ЖАСТАР – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Ел болашағы – кейінгі толқын жастар. Оларды дұрыс жолға тәрбиелеу елдің жарқын болашағы үшін жасалған игі қадам. Сол үшін де ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше қараған. Ұл мен қыздың тәрбиесінен көз жазбаған.

Бүгінгі күн ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беруді талап етеді. Теледидардағы кейбір жағымсыз сериалдар мен өзге де бағдарламалар жас ұрпаққа кері әсерін тигізуде. Өкініштісі сол, оны баланың санасынан шектемек түгілі, бірге көріп талқылағанды қайтерсің?! Алдау мен арбау, бейәдеп сериалдарды көрсету, сыбайлас жемқорлыққа жол беру секілді феномендер ұрпақ тәрбиесіне жасалған үлкен қиянат дер едім. Осындай сериалдар мен бағдарламаларды экран бетіне жақындатпасақ, бала тәрбиесіне қосқан үлесіміз болар еді. Сондай-ақ ата-ананың тәрбиесі де аса маңызды. Себебі ата-ана



баланың өмірлік ұстазы әрі тәрбиешісі, сондықтан баланың болашағының жарқын болуы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болмақ.

Қай елде, қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттердің бірі – өздерінің қажырлы істерін, өмірлерін

жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жастарды жан-жақты білімді, парасаты, мәдениетті етіп тәрбиелеу – алдыңғы буынның қоғам алдындағы борышы. Сол себепті жетілген жастар алдында аға буынның жемқорлық секілді қоғам дертімен күрескені абзалырақ. Тәрбие тақырыбын тарқатқанда халықтық салт-дәстүрлердің де алар орны ерекше. Халқымыз рухани мол байлықтың мұрагері десек, сол мол мұраны келер ұрпаққа жеткізіп отыру – тәрбиенің бастауы іспетті. Тәуелсіз елдің болашақ ұрпағын тәрбиелеу, олардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіру жолында еңбек ету баршамыздың парызымыз.

Серік ДОСМАНБЕТОВ,
«Жанары» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалысының Қызылорда қалалық филиалының директоры

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қазандағы №485 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай ақ «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №04-7/667 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Шаменова Марьям Асгатовнаның Қызылорда қаласы, Жаңқожа батыр көшесі, №49 үй мекенжайындағы (кадастрлық нөмірі 10-156-019-1477) көлемі 1032,0 (бір мың отыз екі) шаршы метр жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті темір жол арқылы жер асты автокөлік өткелін салу мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 24 қаңтар болып белгіленсін.
3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазанғаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыны ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.АХАТОВ

Постановление акимата города Кызылорда №485 от 22 октября 2024 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков илнного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорда Кызылординской области», а также рассмотрев письмо государственного учреждения «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» №04-7/667 от 20 мая 2024 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка собственника Шаменовой Марьям Асгатовны для индивидуального жилищного строительства, (кадастровый номер 10-156-019-1477) площадью 1032,0 (одна тысяча тридцать две) квадратных метров или недвижимое имущество для государственных нужд в связи изъятием для строительства железнодорожного путепровода, расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Жанқожа батыра, дом №49.
2. Датой принудительного отчуждения определить 24 января 2025 года.
3. Местом обращения собственника определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазанғаева, №43, кабинет №13.
4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственника земельного участка, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н.АХАТОВ

Қызылорда қаласының 2024 жылғы 22 қазандағы №555 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі №05-07/2050 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 24060,0 (жиырма төрт мың алты) шаршы метр жер учаскелерін немесе жылжымайтын мүліктерді Қызылорда қаласында 240 МВт көлемінде электр қуатының дайындығын сақтау бойынша қызмет көрсету көлемімен жылу энергиясын шығаратын құрамдастырылған станция құрылысының жобасын жүзеге асыру мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 24 қаңтары болып белгіленсін.
3. Мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазанғаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.АХАТОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы « 22 » қазан №555 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің меншік иесінің аты-жөні	Кадастрлық №	Көлемі ш.м.	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
1	«Сұлтан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10-156-012-2452	1644,0	Теміржол желісі үшін	Жеке меншік
2	«Сұлтан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10-156-012-2553	12 356,0	Өндірістік база үшін	Уақытша жер пайдалану құқығы
3	«Zhanros Drilling» (Жанрос Дрилинг) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10-156-013-1426	10040,0	Меміт құрылымы үшін	Уақытша жер пайдалану құқығы
			24 060,0		

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Қызылорда облысының IT-компаниялар қауымдастығы» ЗТБ (БСН 211140010145) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, М.Әуезов көшесі 24/27.

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ: ЖҰМЫС ЖАНДАНА ТҮСТІ

Басы 1-бетте

Жұмыссыз жастар азайып келеді

Ашығын айтайық, Сыр еліндегі жұмыссыз жастардың қатары жыл санап азайып келеді. Биылғы жылдың II тоқсанында өңірдегі жастардың жұмыссыздық деңгейі 3,4 пайызды құраған. Нақтыласақ, қазан айында қалалық, аудандық «Мансап» орталықтары арқылы «ҚР-ның еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында 26366 жұмыс іздеуші жас жүтінген. Олардың ішінде 13359 жас субсидияланған жұмыс орындарына жолдана, 4300-і бос жұмыс орындарына орналастырылды. 2608-і жастар тәжірибесіне, 161-і әлеуметтік жұмыс орындарына, 2993-і қоғамдық жұмыстарға, «Алғашқы жұмыс орнына» 194, «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 14 және 1427 жас «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарымен қамтылған.

Сол секілді «Электронды еңбек биржасы» арқылы 974 жас (skills.enbek.kz порталы) онлайн-оқудан өтті. 80 жас қысқа мерзімді оқыту курстарына жолданып, 608 жас жана бизнес идеяларды іске асыруға арналған қайтарымсыз грант иеленіп, бүгінде кәсіптерін дөңгелетіп отыр. Мұнан бөлек, Ұлттық жобалар мен концепциялар шеңберінде 1702 жас және ҚР Президентінің облыс әкімдеріне «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру» жөніндегі тапсырмасына сәйкес 4336 жұмысқа орналастырылды.

– Осы жылы жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, түрлі бағытта кеңес беру мақсатында тиісті сала мамандарының қатысуымен 3 рет көшпелі түрде «Мүмкіндіктер керуені» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Іс-шараларда жергілікті 141 мекемеден 1018 вакансия ұсынылды. Жалпы қамтылған жастар саны – 3200. Сондай-ақ Еңбек күні аясында «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ, қалалық «Мансап» орталығы мен облыстық және қалалық жастар ресурстық орталықтары бірлесе отырып, «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесін» ұйымдастырды. Іс-шарада жұмыс іздеушілерге Қостанай облысы, Қамысты ауданының 6 ауылдық округ әкімдерінен 100-ге жуық және жергілікті 30 мекемеден 210 бос жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңкеге 218 жас қатысып, 45-не жолдама берілді.

Сонымен қатар жастарды бос жұмыс орындарымен ақпараттандыру мақсатында орталықтың ашқан «@Jastargajumys11» парақшасына облыс бойынша 1613 жас жазылып, жыл басынан бос жұмыс орындары туралы 386 ақпарат жарияланды, – дейді орталық директоры Әліби Басаров.

«Жастарды шақыратын іс-шара көп»

Орталық директоры осылай деп отыр. Олай деп айтуға да негіз жоқ емес. Өйткені жастар арасындағы іс-шаралардың легін ел-жұрт көріп, білуде. Оның үстіне аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен жастарға бағытталған жаңа жобалар мен игі бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Мәселен биылдың өзінде жастарды дамыту мен қолдауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 30 түрлі жоба жолын тапса, оның ішінде 8 әлеуметтік жоба облыстық жастар орталығымен бірге үйлестірілген.

Жастардың баспана жайы да назардан тыс қалған емес. «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы бойынша мамыр айында 60 жас отбасыға пәтер кілті берілді. Ол аз десендік, жуырда тағы да 40 жас отбасы баспаналы болмақ.

Жастарға арналған әлеуметтік нысандар да жыл сайын бой көтеруде. Өткен жылы «Отбасы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастаса, биыл 1000 орындық «Өнер» мен «Теннис орталығы» салтанатты түрде ашылды. Қуантарлығы сол, биыл Оқушылар сарайы, Қызылорда Арена, стадион және музыкалық колледждің құрылыстары басталды.

Аймақта жастармен жұмыс істейтін 10 жастар ресурстық орталығы бар. Сондай-ақ Байқоңыр қаласында орталыққа қарасты бөлімшінің де жұмысы жанданып келеді. Олар жыл басынан бері түрлі бағытта 114699 жасты қамтитын 1564 іс-шара ұйымдастырған. Бұл жастардың жиындарға қатысу белсенділігін өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 24,4%-ға арттырып отыр.

Орталыққа кеңес алу үшін ағылатын жастардың қарасы қалып. Оның ішінде құқықтық сауаттылық, кәсіп бастаудағы алғашқы кеңестер, денсаулық мәселелері, мемлекеттік грант, шығармашылық бағыт, кәсіби бағдар беру, алимент өндіру, тұрғын үй мен коммуналдық мәселе және оқу орындар бойынша тұрақты кеңес ала алады.

Жыл басынан әр түрлі бағытта 365 іс-шара ұйымдастырылды десек, оларға 63108 жас қатысқан. Соның ішінде ауқымды жиындардың да легі аз болмады. Мәселен Қырғыз елінен келген ұлттық «Манас» театрының өнерпаздары облыс жастарымен бірлесіп түрлі тақырыпта бейнероликтер түсірілді.

Ойдағыдай өткен он күндік

Биыл Сыр жастары 12 тамыз – «Жастар күні» мерекесін кең көлемде атап өтті. Ол үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетімен бірлесе 10 күндік мерекеге арнайы тұжырымдама бекітті. Соның аясында облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, 3-12 тамыз күндері аралығында арнайы жиындар қолға алынды. Жалпы алғанда ұлттық онкүндік аясында 200-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ол 50 мыңға жуық жасты қамтыған көрінеді.

Біз айтып отырған онкүндіктің алғашқы күні «Таза Қазақстан» тақырыбымен басталған. Оған қоса «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының



қатысуымен «Jasyl Marafon24» эко-турнирі ұйымдастырылды. Соның аясында ардагерлер үйінің ауласына да тазалық жұмыстары жүрген.

Жоспар аясында қала мен аудан орталықтарындағы ЛЭД экрандарда қазақстандық ынталандырушы және көркем фильмдерді көрсету мақсатында «Asran Cinema» іс-шарасы өтті. Мерекелік аптаның «Денсаулық – зор байлық» тақырыбымен жалғасқан үшінші күн «Донор бол!» атты қан тапсыру акциясымен басталып, қалалық емханаларда скринингтер, мамандардың кеңес жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар кешкі уақытта қалалық мәдени-демалыс саябағында «Жастар денсаулық орталығының» көшпелі форматтағы ашық есік күні өтті. Одан бөлек квиз, интеллектуалды сайыс форматында заманауи ойындар және орталық гимаратында орналасқан №19 қалалық кітапханасында «Кітап сыйла», «Түнгі кітапхана» акциялары, «Игі істер марафоны» аясында көпбалалы отбасыға көмек көрсету шарасы мен кәсіптік және әлеуметтік жәрмеңкесі, «Адал азамат» тақырыбында TEDx форматтағы жастардың танымал тұлғалармен бейресми кездесуі өтті.

10 тамыз күні – «Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек» атты Абай күні кең көлемде атап өтіліп, әлеуметтік желілердегі орталықтың ресми парақшаларында тұрғындардың, танымал тұлғалардың бейнеқұттықтаулары мен челлендж, Арбат бойындағы қалагерлер аллеясында поэзия кеші ұйымдастырылды.

Ұлттық онкүндік барысында орталықтардың бастамасымен және жастардың сұранысымен Батырхан Шөкенов атындағы саябатқа «Мүмкіндіктер алаңы» іс-шарасы облыс бойынша өткізілді.

Мереке 12 тамыз күні Достық үйі алдында «Жастармен бірге!» орен айғ форматында өткен кешпен қорытындыланды. Іс-шара аясында барлық санаттағы жастар, оның ішінде еріктілер, еңбекші жастар, жас мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлер марапатталып, «Тәуелсіздік ұрпақтары» облыстық байқауының жеңімпаздарына номинациялар табысталады. Сондай-ақ елімізге танымал жас әншілердің қатысуымен концерт өтіп, қонақтар жастарға көңілді кеш сыйлады.

Жетістік алға жетелейді

Сөз еткендей, орталық ұйымдастырған іс-шаралардың шегі жоқ. Оған түрлі бағытта өткен жарыстарды да қоса аламыз. Мәселен «Инклюзивтік қоғам дамыту» гранты аясында «Ақ босаға» ҚБ-нің ұйымдастыруымен жастар орталығында «Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту» жобасының қорытынды кешімен колөнер бұйымдарының көрмесі өткенді. Жоба аясында 16-34 жастағы еңбекке қабілетті мүгедектері бар жастар 3 бағыт бойынша курста білімдерін шыңдап, арнайы сертификат иегері атанды.

Жаңа оқу жылы басталғаннан «Сығ Jastary» облыстық жастар ресурстық орталығы мен «Qosyl» Qyzylyorda Jastar Ortalygy мамандары бірлесіп қалада орналасқан жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жатақханаларында студенттерімен еркін форматта кездесулер өткізді.

Соның ішінде тоқтала кетерлік жағдайдың бірі – «Мәдени мұра» халықаралық жобасы аясында Түркия елінің жастар және спорт министрлігінің қолдауымен делегацияның арнайы қонақ болып келуі. Делегация құрамында келген Анталия қаласының жастар орталығының басшысы, қызметкерлері мен белсенді ерікті жастары облыста мемлекеттік жастар саясатының жүргізілуі, жастарға арналған жобалар және орталық гимаратымен танысты. Кездесу соңында меймандарға Қызылорда облысы туралы арнайы кітаптар тарту етілген.

Гимаратқа келуші өскіндердің қатары сиреген емес. Соның ішінде баласын спортқа баулығысы келетін ата-аналар жастар орталығы жанында ашылған 4 үйірге балаларын еркін жібере алады. Соның нәтижесінде осы күнге дейін 101 жасөспірім мен жас қатысып үлгерген. Атап айтқанда, кикбоксинг, грэпплинг үйірмесінде 7-25 жас аралығында 15 жас, ұлттық және аралас жекпе-жекке 7-25 жас аралығында 35 адам, каратэ-до секциясында 7-25 жас аралығында 21 адам, тхэквондоға 5-25 жас аралығында 30 адам қатысуда.

Орталықта шыңдалған жастардың жетістіктері де жаман емес. Осы жерден құрылған «QOB-TEAM» командасының ұлттық және аралас жекпе-жек клубының шәкірттері облыстық турнирлерден, панкратионнан ҚР Чемпионатының іріктеу сайысында жүлделі орындар алды. Сондай-ақ суретшілер үйірмесінің қатысушысы А.Спащ Түркияда өткен оқушылар арасында сурет салу байқауында жүлделі I орынды иеленді.

IT парк орталығында «IT әзірлеу және дамыту» бөлімі қызметкерлерімен қоса 10 резидент бірлесіп жұмыс істейді. 120 студент оқу тәжірибесінен өтсе, 20 азамат жастар практикасымен жұмыс істеп, 25 оқушы білім алуда. Фитнес-орталығының қызметін 455 жас, үстел теннисі ойынын 389 жас пайдаланатын көрінеді.

Орталықта тұрақты түрде әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындарға «Әлеуметтік дүкен», медпункт пен психолог кабинеттері жұмыс істеуде. Алдағы уақытта облыс әкімінің қатысуымен облыстық жастар форумы және 17 қараша – Халықаралық студенттер күніне орай «Жастар балы» ұйымдастырылмақ.

Сондай-ақ келесі 2025 жылы жастармен тиімді жұмыс жүргізу мақсатында орталық тарапынан патриоттық, шығармашылық, әлеуметтік бағытта 7 әлеуметтік жоба жүзеге асыру көзделген.

Үйін. Белсенді һәм білімді елдің ертеңі нұрлы, болашағы жарқын болмақ. Ол үшін жас буының болашағына сеніммен қарап, сағын сындырмау қажет. Оларға әрдайым қолдау білдіру арқылы қоғам тіршілігі жандана бермек. Ал орталықтың жүйелі жұмысы Сыр жастарының көш басында жүруіне септесетіні айдан анық.

Абзал ЖОЛТЕРЕК



МЫСЫҚТАР АНТИКАФЕСІ

Жануарлар антикафесі жайлы естуіңіз бар ма? Бұл – кәдімгі кафелерге ұқсамайтын ерекше орын. Мұнда қонақтар ас ішіп қана қоймай, бос уақытын түрлі жануарлармен өткізе алады. Тіпті бұл жер жануарларды жақсы көретіндер үшін нағыз жұмақ дерсіз. Дүние жүзінде «котакафе», «хаскикафе» немесе «үй жануарлары антикафесі» атауымен кеңінен танымал.

Америкалық ғалымдардың зерттеуіне үйілсек, әрбір үйде мысық болуы қажет деген қорытындыға тоқталамыз. Себебі мысықтың пырылы қарапайым дыбыс емес, әртүрлі емдік қасиетке ие. Мәселен, сынған сүйектің тез қалпына келуіне көмектеседі. Сондай-ақ мидің жұмысын жақсартып, жүрек қан айналымын реттеуге, иммунитетті нығайтуға ықпал етеді. Гастрит, асқазандағы тастар, остеохондроз, тұмау және ұйқысыздық секілді аурулардан емдеуге де әсері зор.

Ислам дінінде мысықтың пырылы оның Құдайға зікір етуі деген түсінік қалыптасқан. Мешітке кіруге рұқсат етілген жалғыз жануар да мысық. Осыған қарап, оның қандай таза һәм адамға тиер пайдасы мол екенін білуге болады.

Мысықпен уақыт өткізу стресс пен уайымнан арылуға көмектесіп, адамның психологиялық жай-күйін жақсартады. Үйде мысықтың болуы ішімдік пен нашакорлыққа деген тәуелділікті төмендетеді. Сонымен қатар оның тырнақтары ине терапиясының баламасы ретінде саналады. Ал біздің әңгімемізге арқау болып отырған кафе осынау терапияға таптырмайтын демалыс орны.

Әдетте жануарлар антикафесіне келушілерді ит, қоян, алақоржындар (хомяк) немесе түрлі экзотикалық жануарлар күтіп алады. Ал біздің тақырыбымыз мысықтар антикафесі жайлы болмақ.

Қазақстанда, дәлірек айтсақ Астанада 2014 жылдың тамыз айында алғаш рет антикафе форматындағы «мысық-кафе» ашылды. Егесі – қарағандылық ерлі-зайыпты Дархан мен Эльмира. Мұнда келушілер алдымен аяқ киімін шешіп, қолын жууы қажет. Кейін қонақтар кішігірім үстелдер қойылған бөлмеде немесе «Play-Station» ойын залында уақыт өткізе алады. Мұнда шай ішуге, үстел ойындарын ойнауға, интернетті пайдалану немесе қос мысықтың қылықтарын тамашалап, олармен ойнауға мүмкіндік қарастырылған. Дегенмен өкініштісі аталған орын көп ұзамай жабылып қалған көрінеді.

2017 жылы Астанада котокафе жаңаша форматта қайта жұмысын бастады. Айырмашылығы антикафе иесі келушілерге ас мәзірі ұсынылмайтынын жеткізген.

Себебі адамдар мұнда тамақтану үшін емес, мысықтармен уақыт өткізіп, шаршағанын басу үшін келеді. Сондай-ақ осында өткізген уақыты үшін ғана ақша төлейді. Әрине, тамақтанамын десеңіз тек өзіңіз үшін үйден ала келуге немесе сырттан тапсырыс беруге рұқсат етілген, алайда мысықтарға емес. Мұнда құны мың долларға дейін бағаланатын асыл тұқымды 15 мысық бар.

Антикафенің екінші қабатында мысықтарды тамақтандыруға арналған бөлме орналасқан. Ал ұйықтауға бөлме қарастырылмаған, себебі «олар осы жердің қожайыны, қайда дамыса да еркі» дейді антикафе иесі Айтұл.

Айтұынша, бұл орын бастапқыда ересектерге арнап салынғанымен, қазірде қонақтардың басым көпшілігі балалар дейді. Өзге кафелерде келуші қонақтың қас-қабағын бағып, жағдайын жасайтын болса, мұнда басты назарда – мысықтар.

Ең қызығы, антикафе иесі қосымша «мысықтар қонақүйін» де ашқан. Алыс сапарға шығып, мысығын сеніп тапсыратын жер таппағандар осында қалдырады екен.

Айта кетейік, бұл – Қазақстандағы төртінші мысықтар дәмханасы. Алғашқысы жоғарыда аталған 2014 жылы ашылып, қайта жабылған мысық-кафесі. 2016-да Алматыда, 2018 жылы Қарағанды қаласында ашылған.

Әлемдегі алғашқы мысық-кафе 1998 жылы Тайваньның Тайбэй қаласында ашылды. Дәмхананың танымал болғаны сонша, әлемнің түпкір-түпкірінен туристер ат басын бұрған. Жапония да бұл идеяны қосап, өз елінде мысықтарға арналған көптеген кафе аша бастады. Бүгінде Токиода ондаған мысық-кафе бар. 2011 жылы Санкт-Петербургде, бір жылдан соң Венада, кейін Германия, Франция, Англия мен Италияда мысық-кафелер пайда болды. Содан кейін Канада мен АҚШ кәсіпкерлері де бұл үрдіске өз үлестерін қосты. Көп ұзамай Қазақстанда да кеңінен қанат жая бастады.

Мұндай антикафе әрбір өңірге керек пе? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Аружан ОРАЛБАЙ

57 ЖАСТАҒЫ СТУДЕНТ



Өмірдің қай кезеңінде болсын жаңашылдыққа ұмтылып, «үйренсем, білесем екен» деу – нағыз батыл іс. Ал бүгін дәл осындай қайсар тұлғаның жарқын мысалы ретінде Кендебай Ыдырысов туралы айтпақпыз. Себебі 57 жаста университет аудиториясына қайта оралып, білімін арттыруды көздеген кейіпкеріміз біз үшін нағыз ізденістің символына айналды. Қазір ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті.

– 1988-1991 жылдары Ташкенттегі құрылыс техникумында білім алып, кейін 2006 жылы тау-кен жұмыстары мамандығын иелендім. Колледж қабырғасында 12 жыл мұғалім болдым. Ал Қызылордаға 2004 жылы көшіп келдік. Мұнда келгелі құрылыс мекемелерінде бригадирден бастап, жобалық директор қызметіне дейін жұмыс істедім. Ал 2013 жылы жеке мекеме аштым. Бірақ ол да үлкен еңбекті талап етеді. Қазір уақытша тоқтап тұр.

Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде құрылыс саласында оқимын. Биыл 2-курс студентімін. Жастық шақтағы оқу мен қазіргі білім алуды салыстырсақ айырмашылық көп. Тіпті аспан мен жердей.

Сонау техникумда оқыған жылдары бір топта 33 студент болдық. Бірақ оның ішінде 8-і ғана оқу бітірдік. Біреуі әскери борышын өтеуге кетсе, қыздар тұрмысқа шықты. Мұнан бөлек оқудан шеттетілгендер де болды. Соңғы оқу жылын 3 кыз, 5 ер бала болып тәмамладық. Өлі есімде, оқу ұзақтығы 90 минуттан, күніне 4 сабақ еді. Кейде 1 парда тақтаға 2 рет шығып сабақ айтатын. Сол кезең шынымен үлкен тәжірибе болды, – деді ол.

Мектепті тәмамдап, әскерге де барған Кендебай ағаның қоржынында орта және жоғары білім бар. Бірақ алға қойған мақсатына жету үшін білімін әлі шыңдап жүр. Оның айтуынша, адам оқыдым, болдым демеу қажет. Ал әңгіме барысында ересек шақта оқу қиын екенін де жеткізді.

– Иә, үлкейгеннен кейін оқу қиын. Себебі әр нәрсе заманына сай өзгереді. Бірақ білімімді шыңдап, мақсатыма жету керек. Себебі алға қойған жоспарым үлкен. Жастарға қазір білім алуға барлық мүмкіндік бар. Интернет те, байланыс та қолжетімді. Бір мамандықпен шектелуге болмайды, үнемі үйрену керек. Себебі үздіксіз іздену ғана жетістікке жеткізеді. Жастардың көбі «оқысақ болды» деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Әр адам өз мамандығын шын жүректен сүйіп, құрметтеу қажет, – дейді кейіпкер.

Кендебай Ыдырысов – көпбалалы әке, 3 немере тәрбиелеп отырған ауылы ата. Ол жұмыс, оқу мен отбасылық өмірді қатар алып жүрудің қиындығы жоқ екенін тілге тиек етті.

– Егер уақытыңды дұрыс бөлсең және әр істі шын ниетпен атқарсаң, ешқандай қиындық болмайды. Жұмыс пен оқуды отбасының қолдауымен үйлестіру мүмкін екенін түсіндім.



Ал оқу мен үшін жаңа белес. Ой-өрісімді кеңейтіп, заман ағымынан қалмауға көмектеседі. Жұмыстағы міндеттерімді орындау маған қиындық туғызбайды, себебі әр нәрсеге уақытты үнемді пайдалану – басты қағида, – дейді Кендебай Райымбекұлы.

– 1967 жылы Өзбекстанның Навоий облысында дүниеге келдім. Нақтырақ айтсақ, Тамды ауданында туып-өстім. Қазақшылдықты жоймаған, салт-дәстүрге берік қазақтар осында. Мұны Бауыржан Момышұлы «нағыз қазақтарды осы Тамды ауылында көрдім» деп айтып кеткен. Шәмші Қалдаяқов жырлаған «Тамды аруы» да біздің өлкеге байланысты. Сіз де бұл жайында хабарлар шығарсыз, – деп Кендебай аға туған жері туралы мақтанышымен әңгімеледі.

Расымен де, жұмыс, оқу мен отбасылық өмірді қатар алып жүру – қиындық емес, мүмкіндіктің көзі. Әр істі сүйіспеншілікпен атқару мен уақытыңды дұрыс басқару арқылы адам кез келген белесті бағындыра алады.

Инжу МАРЖАН

ЖҰЛДЫЗҒА ҚАРАП УАҚЫТТЫ АНЫҚТАЙ АЛАСЫЗ БА?



Жаздың кешінде аспандағы жұлдыздарды санап, сұлулығына тамсанып көрдіңіз бе? Иә, жұлдыздар – түнгі аспанның қайталанбас эстетикасы. Бірақ байқайсыз ба? Қалаға қарағанда, ауылдағы жұлдыздар ерекше жарқырайтындай... Бір кездері бабаларымыз жұлдызға қарап, жол тауып, уақытты білген деседі. Ал қазір жетіқаракшыны да таба алмайтын жастар бар. Сол оқылдықтың орнын толтыру үшін жұлдыздар туралы ақпаратпен таныстыруды жөн көрдік.

Уикипедиялық мәліметке қарасақ, жұлдыз – массасы ерекше ауыр, өзегіндегі термоядролық реакция арқылы айналасына тұрақты жарық шығаратын, плазмалық газ және плазма күйдегі аспан денесі. Кейбір жұлдыздар күннен мың есе үлкен әрі жарығырақ болып келсе, ал кейбіреуінің мөлшері мен жарығының энергиясы күннен әлдеқайда аз болады. Жұлдыздар да әртүрлі жарқырайды. Алтын балық шоқжұлдызының S жұлдызы Күннен 400 мың есе артық жарқырайды деседі. Ал күн өзінің барлық белгілері жағынан қатардағы жұлдыз болып саналады.

Ертеректе мұсылмандар қазіргідей навигация уақытын жетіқаракшыға қарап анықтаған екен. Құлан дүз, жапан далада келе жатып, темірқазық пен жетіқаракшыға қарап, құбыла бағытын білген.

Ал ата-бабаларымыз жетіқаракшы жұлдызын «аспан әлемінің сағаты» немесе «аспан тілі» деп атаған. Бұл туралы этнограф,

зерттеуші Болат Бопайұлы «Қазақ түн баласында ұзақ-ұзақ жол жүргенде бірінші болып темірқазық жұлдызын аспанға қарап, тауып алады да, одан соң жеті қаракшы жұлдызының қалай қарай ауып бара жатқан бағытына көз жібереді. Сосын оның қай жақта, қай орында тұрғанын анықтайды да, баратын бағыт-бағдарын, бет алысын соған қарай туралайды. Сосын нық сеніммен алға тартып жүріп кетеді.

Қазақ есепшілерінің аспан әлемі есебінде жеті қаракшы жұлдызы бір тәулік ішінде аспан әлемінің солтүстік жарты шарын бір рет толық айналып шығады. Алты сағат уақытта аспан шарының солтүстік шарын жүз сексен градус, қазақша айтқанда, толық шеңбер айналып барып бұрылады деп есептейді.

Қазақтың байырғы малшылары мал күзеткен кезде күздің ұзақ-ұзақ түндерінде, сарғайған сары тандарында жеті қаракшы жұлдызының аспандағы орнына қарап күзеткен кезекпен ауысатын болған. Ол

замандарда сағат болмағандықтан олар аспандағы жұлдыз жетіқаракшыны уақыт өлшейтін сағат орнына пайдаланған. Уақыт тілі деген билген.

Қазақ есепшілері кешқұрым жұлдыз туа бастаған шақта жеті қаракшы жұлдызы аспан әлемінің солтүстік қазан бүйірінен көрінген кезде бұл кезді «кеш кірді», «қызы іңір болды», «ала кеуім кеш», «жұлдыз жанды» немесе «жұлдыз туды» деп ұйғарған.

Түн ортасында жеті қаракшы жұлдызы аспан әлемінің солтүстік қазанының қақ ортасынан көрінуін қазақ «жеті қараңғы түн», «түн ортасы», «қап-қараңғы түн», «шалқар түн» деп есептеген. Таң алдында жеті қаракшы жұлдызы аспан әлемінің солтүстік жарты шар қазанының бүйірінен көрінуін қазақ «таң алды», «таң алды», «таң құлан иек», «сәресін» деп ұйғарған» дейді.

Демек шөміш пішінді иіліп солтүстік аспандан өте анық көрінетін жетіқаракшыны тани алсақ, уақытты да онай бағдарлауға болады деген сөз. Айта кету керек, жетіқаракшы республиканың барлық аумағынан айқын көрінеді.

Ал сіз жұлдыздарды тани аласыз ба? Аспан әлемінің әдемілігін анығырақ көреміз десеніз, қала сыртына немесе далалық жерде жұлдыздарды тамашалауға кенес береміз.

А.НАЗАШ